

Дастарқанның үстінде аузынның суын ағызып, көзін жауын алатын бірінен-бірі өткен түрлі-түрлі тағам тұрса, соның қайсысынан дәм татып, қайсысын қарпып асайтынынды білмей, дағдаратынын болады кейде.

Қазақтың белгілі қаламгері, қайраткері, көркем аудармашысы Жүсіп Алтайбаевтың шығармашылығы, өзі жайлы әңгіме қозғаудың реті келсе, дәл осылай абдырап қалатынын рас. Адалдығынан, тазалығынан бастайын десен, қайсарлығы, қайраткерлігі қалып бара жатыр, қайсарлығы, мен қайраткерлігін айтып, енді кірісе берейін десен, ашы сатирасы, өткір фельетондары жамырай көтеріліп, өкпелей бұртиятын секілді. Оның да орайын тауып, «біссімлда» сөзді содан қозғамақ болсан, әлем, орыс әдебиеттерінің Алтайбаев арқылы «жұтынып» қазақша сөйлеген інжу-маржандарының «көңіліне» қаяу түсіріп алғандай боласын. Қойшы әйтеуір, олай тартсаң да қиналасың, былай тартсаң да қиналасың.



# НАҚ-НАҚ

## АҚ МЫЛТЫҚ КҮЛКІ

Әуелі мінезі жайлы, Алтайбаевтың аңызға айналған бетке айтар жүректілігі хақында көп естігенбіз. Компартияның қатал тәртібі тұсында-ақ тура бидей кесіп сөйлеген Жүсекен бұқпантайламай, бұғып айтпай, сұғып айтқан. ҚазТАГ-тың бас директоры қызметінде жүргенде сурет сұрай барған сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысының жұбайы:

- Нүрекең айттып еді, Нүрекең жіберіп еді, - дей берсе керек.

- Нүрекең деген кім? Азан шақыртып қойған аты бар ма? Қандай әулие? - деген ғой Алтайбаев аузын айға білеп.

Орталық Комитеттің хатшысына олай деу, отқа барып өзін түскенмен бір. Сол әңгімеден соң бас директорлықтан ауыстыру мәселесімен әңгіме жүріп жатқанда Жүсекен және адуынды мінез танытады.

- Мені сексеуіл базасына жіберсендер де бірінші бастық етіп қойыңдар. Орынбасарлыққа жарамаймын, - дейді баяғы.

- Неге?  
- Мінезім келмейді.  
- Ақтөбеге жіберейік.  
-Жок, бара алмаймын.  
-Ақмолаға жіберейік.  
- Төбене келіспегенде молаңа келіседі ғой дейсіндер ме? - депті.

Талай газет-журналға жетекшілік етті. Нағыз ұйымдастыра алатын іскер басшы екенін көрсетті, дәлелдеді. 1961-1971 жылдар аралығында республикалық «Ара-Шмель» саяси-сатиралық журналына он жылдан аса табан аудармай бас редактор болды. Міне, сол кезде Алтайбаевтың принципшіл мінезі, сатирик-жазушылық, журналист-фельетоншылық ерекшелік қырлары жан-жақты ашылды. Фельетон кейіпкерлерінің креслосына, атақ-дәрежесіне өзі де қарамады, қарамағындағы журналистерді де соған үйретті.

Жүсіп Алтайбаевтың суретіне қарасаңыз, сықақшының жүзін тану қиын. Күлкі іздесеніз, таппайсыз. Қаталдау, темірдей тәртіптің кескін-келбетін көресіз де сықақшының әзілшектігі қайда, ол бар ма деп таңдана үнілесіз. Ал бірақ ол тізген сөйлемдер күлкімен қатар ұқыпты жиналған жүкті, шашаусыз сап түзеген жауынгерлердің қатарын көз алдыңызға елестетеді.

«Негізгі кәсібім-түйреме, шымшыма. Бүгінге дейінгі қол жеткен атағым - партия баспасөзінің ефрейторы» («Ұят-ай!» кітабы, 50-бет). «Орынсыз күлкі - дерт, орынды күлкі - дәру». Жаксы фельетон жазу үшін «Менің тәжірибеме қарайтын болсаңдар, қия бастырмайтын қатын, ашы шай, шешен домбыра керек!» - дейді Жүсекен. «Кешке күліп жатам, танертең күліп оянам». Әрине, ондай адам күлкінің көмбесі, әзілдің қазынасы болуы тиіс қой. Күліп жатқан адам түсінде де күлкі көретін шығар. «Алпыста алперімін, жетпісте желлерімін, сексенде нағыз серімін, тоқсанда топтан торай

шалдырман, алғанымның көңілін қалдырман» деген екен бір қарт. Демек, «қателесіп тоқсан асып кете қалғандай болсам, сөге жамандамасыңдар» деген Алтайбаевтың сөзінде әдемі, астарлы әзіл, болашаққа үлкен сенім жатыр.

Күлкі жөнінде, оның өмірдегі орны туралы өте көп айтқан қаламгер осы Жүсекен. Күлкілі жазу, сол арқылы оқырманын күлдіре білудің жөні бір бөлек те күлкі жайлы толғам-толғам пікір айтып, оны зерттеу, зерделеудің мәні бір басқа. Әділдікті сүйген, ақиқаттың ақ туын желбіретіп ұстап, жан тазалығын, ар мөддірлігін биік ұстаған сатирик өмірлік позициясын «Нақ-нақ» кітабының алғашқы бетінде оқырманына жайып алған.

«Күлкі әрқилы. Колхоздың қойын ұрлап сойып, етке тойып алып, қарқылдап кеп күлетіндер бар. Енді біреу мемлекет мүлкін жеп немесе пара алып үй салады да «ірге майлап» күледі. Тағы біреу өзінің өтірігіне, опасыздығына, жылпостығына сүйсініп күледі.

Бұл қай күлкі? Бұл халқымыздың парасатты күлкісі емес. Шын күлкі өз қуанышын көп алдына мақтан етуге пұрсаты жоқ қара ниеттен емес, қайда барса алды ашық ақ пейілден туады. Міне, менің күлкім де нақ сондай абзал күлкі. Ол көптің көңілін ашар шынайы, сонымен бірге сүрінгенге демеу, ант ұрғанға - ақ мылтық күлкі. Сондықтан да мен күлгенде ту сыртымда езу тартып сен тұрасың, қадірлі оқушым. Міне, нағыз күлкі, өмірге серік күлкі деп осыны айтса болар.

Күлкіден айырмасын!»

Ал енді Алтайбаевтың оқырманға берер өзінің күлкісі қандай. Өзі айтпақшы «әрқилы». «Пышак» әңгімесіндегі «қаланың қашаған қатындары» деген тенеуді оқып, үнсіз отырған адам Күлмесанның ұрпағы болса да бір мырс етері сөзсіз. Қағытпалары да қысқа, деп тиеді. Қытықтамай күлдіреді. Қытықсыз күлкі шынайы әрі әсерлі болады емес пе?!

«Спектакльге роль орындаушы артистканың жылағанын көргенде Мәкен былай деп кейіді.

- Жұрттың қатыны осындай келеді, біздікі сабап жатсақ міз бақпайды».

Немесе «Ат түгілі есекті бәйгіден келтіреді» дегенді оқығанда оқыс күлкінің тууы заңды. Жалпы, сықақшының қолына кітап ұстағаннан оқырманды сылықдататын күлдіруі міндетті емес. Сезіммен, сеніммен күлдіре алса, ол да қаламгер үшін үлкен жеңіс, мәртебе.

Оның аудармаларын, сатирасын, фельетондарын алып қарасаң да ұқыптылықтың үлгісін көресің, тілге, көркемдікке өте сауатты және жауапкершілікпен қарайды. Ішек үзілетін шұбалаңқы сөйлемдер жоқ, тап-тұйнақтай, жып-жинақы, ойнақтап тұрған ойнақалық жий жолықпаға да мезгей «сөйлейтін» шымшыма тіркестер әңгіменің шырайын кіргізіп,

шұрайлылығын арттырады. Ол кейіпкерлерінің аузымен айтылады. "Сөз жағын таза маған тастаныз. Сөз дегеніңізді біз қойдай өргізіп, сиырдай сауатын адамбыз» дейді. Рысжан деген кейіпкері.

Шығармаларының қай-қайсысынан да Алтайбаевтың білімділігі, қандай тақырыпты жазса да терең зерттемей жөн-жобасын білмей, не айтқалы тұрғанын аңғартпай, соның барлығын өзінің сауатты да жүрекке жылы, дәстүрлі қалпын, қазақы ғұрпын сақтаған сөйлемдеріне бағындырмай қалам сілтемейтінін байқатады. Ол фельетондардың өзіне көркемдік өң береді, әңгіме деңгейіне жеткізіп, газет тілінен аулақтап, шұрайландыра жазыды. Елдің көзін қарықтырып, шаршатып жіберетін цифр, фактілердің бәрін дәмдендіріп, әрлендіріп, әшекейлеп ұсынады. Қысқа жазып, нақты сөйлеу міндетінен ауытқыған емес. Үлгі аларлық өнегесі көп-ақ.

Диалог құруға шебер. Кейіпкерлерінің барлығы өзі секілді тым шешен емес, бірақ I өзіндік мінезі, ерекшелігі бар образдар. «Нақ-нақ» кітабынан Жүсіп Алтайбаевтың ақындық қыры да аңғарылады.

Бірақ оны ол кісі дамытпаған, біржола бас қойып, түгел айналыспаған.

Сөйле десен сөйлейтін сөз келгенде eh-he!

Қыз бен жігіт аулақта кез келгенде. Тамаша-ау! Кезекті бер, құдаша-ау! Өзге дүние ауызға түспей ме екен I Қызға шабыт мұншама тез келгенде Ызғар-ау! Нысап қайда, қыздар-ау?

Ал, «Ғылыми сөздік» фельетоны шындығында ғылыми еңбек. Азынға алаяққа, алиментке, алыпсатарға арамтамаққа, араққа, ақтіге, арамзаға берілген анықтамаларында ашы сатира да, көркем тіл де, ғылыми тұжырым да, салмақты сауаттылық та, талғампаз тәжірибе де... бәрі де, бәрі де бар.

Оның «Нақ-нақ», «Ұят-ай», «Сыпырғыш», «Бұзаулы сиырға - арзан домбыра» шығармалары 1960-1970 жылдардағы қазақ сатирасының деңгейін көтерген, оның беталысына жаңаша сипат берген туындылар. Арзан күлкінің емес, маржан күлкінің мұражайын байытқан экспонаттар сияқты.

Жазушының жары Раушан Толыбекова қолжазбасын өз қолымен тапсырып, 1996 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ағыбай батыр» кітабына осы аттас повесі мен екі әңгімесі кірген екен. Тарихи тақырыпқа арналған бұл повесі енді сықақ әңгімелері мен фельетондарына мүлде ұқсамайды. Салмақты, саликалы, ұлттық бояу, нақышты сақтаған, дәстүрді өте жақсы білетін қаламгер қолынан шыққан шығарма. Әңгімелері де Жүсіп Алтайбаевқа тән ықшамдылық пен «ақсүйектік» үлгі танытып тұр.

Алтайбаев аудармалары бұл саладағы қазақ әдебиетінің үлкен жетістігі, байлығы. Біз бала кезден аңызға айналған Р. Джованьолидің «Спартагың» А. Гайдардың «Чук пен Гекін», М. Горькийдің «Фома Гордеевтың», А. Ильф пен Е. Петровтың «Он екі орындығы» мен «Алтын басағын», И. Тургеневтің, В. Шукшиннің шығармаларын Жүсіп Алтайбаевтың тәржімасынан оқып, сол арқылы танысқан едік. Талғам да биік. Кез келген шығарманы қазақша сөйлетсе салуды мақсат тұтпаған. Нағыз керекті шығармаларды, талантты жазушыларды ғана аудару қажеттігін түсінген және сол арқылы алғыс пен қошеметке бөленеді.

«Абзалы» әңгімесінде Жүсіп Алтайбаев былай толғайды. «Юморшы. Мысқылшы. Міне, бұл - құдайдың шын еркесі. Сүйегіне жазылған шынайы юморы бар жанды дерт-дермен де, көрілік те жөпелдеме ала алмайтын көрінеді... көшеде машина басып кетпесе...» Осылай ашы бір мырс етеді. Ол жаны таза болашағының үміті сөнбеген адамның қолынан ғана келеді.

Әңгімені де Жүсекеннің басында келтірілген өз сөзімен аяқтағанды жөн көріп отырмыз... «Қателесіп тоқсан асып кете қалғандай болсам, сөге жамандамасыңдар!»

Сөгіп отырған жоқпыз, мүмкіндігінше жүректің түкпіріндегі жылы лебізд төгіп отырмыз. Оны Сіздің өлмес шығармашылығыңызға, Сіздің соныңызды алып ісінізді жалғап келе жатқан кейінгі ұрпақтың көрімдік-қайтарымы деп ұққан дұрыс шығар.

Толымбек Әлімбекұлы